

## Ұлттық мүдделерге ұмтылыс

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды» деген түйінді ой бар. Қоғамның, адамның, сананың жаңғыруы қай салада болсын – саяси-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, гуманитарлық-техникалық аспектілерде іске асса да, ұлттық болмысымыздан алыстаған сәтте болашаққа, сайып келгенде, тарихқа дақ түсіреді деп санаймыз. Бір қуанатынымыз, қазақтың өткенінде де, бүгінде де рухани келбетіміз бен тамырымызды ең басты құндылық санайтын және дәріптеуге қызмет ететін жандар жетерлік



Елбасының бүгінгі күн тәртібіне қойып отырған міндеті (рухани жаңғыру) – қазақ елінің арманы. Парасатты ұрпақ тәрбиелеп, интеллектуалды ұлт қалыптастыру – қай заманда да басты мақсат болған. Тәуелсіздікті нығайту үдерісі кезінде халықтың санасы мен жүрегінің түбінде гуманизм болғанымен, оның шарықтауына жол ашатын саяси-экономикалық ахуал екендігін алға тарттық та, ол белесті де еңсердік. Міне, енді аяғынан нық тұрған мемлекеттің рухани жаңғыруы негізгі орынға ресми түрде ауысты. Рухани жаңғыру бағдарламасының сарабалдығына ешкімнің шүбәсі жоқ. Санамызды жаңғыртудың ең негізгі тетігі – тілдік санамыздың жүйеленуі екенін де мойындаймыз. Сондықтан алдымен жазу реформасын іске асыру көзделіп отыр. Бұл да, яғни жазуымызды ділімізге сәйкестендіру – халқымыздың ұлттық мүддесі. Қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынов өз қолымен жазған өмірбаянында «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифтін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин

жасау арқылы халықтың жадын тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым», – деп бір ғасыр бұрын жазған. Демек қай кезеңде болсын ана тіліміздің жазу жүйесі (сапталуы, дыбысталуы, стилі, терминологиясы) халықтық тіршілігіміздің ең маңызды факторы. Бұған тарихымыз да куә: қазақ тілі – осы күнге дейін графикасын бірнеше рет ауыстырған, жазуы сыналған, соның ішінде, латын графикасына қайта оралып отырған тіл. Қай тілдің болса да әліпбиі прагматикалық негізде жүйеленуі маңызды болғандықтан, елімізде мемлекеттік тілді латын графикасына ауыстыру туралы саяси шешім қабылданды. Соған байланысты латын жазуына өту мәселесінің лингвистикалық және экстралингвистикалық шарттары қоғамда жан-жақты талқыланып жатыр. Байқауымызша, жаңа әліпбиді енгізу лингвистикалық міндет емес – лингво-технологиялық міндет ретінде қарастырылуда. Осыдан бірнеше жыл бұрын Елбасы айтқан: «Технологиялық жаңалықтар әлемдік нарықтың құрылымы мен қажеттіліктерін түбегейлі өзгертеді. Біз бұрынғыға қарағанда мүлде өзгеше технологиялық болмыста өмір сүріп жатырмыз» деген сөз бар. Сонда іске қосылған үдеріс (рухани жаңғыру) біздің әлеуметтік-психологиялық жағдайымызға өз септігін тигізетін, қаржылық және экономикалық жағын қамтуды қажет ететін болып отыр. Нақты мемлекеттік тілдің латын әліпбиіне ауысуы туралы бүгінгі көзқарасты саралай келе, соңғы он жылдан астам уақыт бойы осы мәселе төңірегінде талмай еңбек етіп келген А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының зерттеу нәтижелерін зор бағалаймыз. Институт мамандары қазір де тірлігіміздің айғағы – тілімізді қызғыштай қорып отыр. Қазақ жазуының тарихы, динамикалық дамуы, орфографиялық-орфоэпиялық қалыптасуы – барлығы осы ұжым тілшілерінің ғылыми өмірімен ұштасып, бізге оң нәтижесін беріп жатыр. Тілдің тағдырын тек тілшілер емес, қоғамның әр саласында еңбек етіп, пайымды пікірлерін ортаға салып жүрген тіл жанашырлары – мамандар да айтуда. Нәтижесінде, Елбасының тапсырмасы негізінде, қазір жобаланған әліпбиімізді санамыздың сүзгісінен өткізудеміз. Бұл – күрделі үдеріс. Сондықтан бүгін немесе ертең-ақ әліпби стандарты қабылдана қоймайтыны, жан-жақты талқыға түсетіні, сараланатыны, сыналатыны айдан анық. Тек Елбасымыздың өзі мақаласында жазғандай: «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс». Жаңа жазу барлық рухани құндылықтарды таңбалайтын, тарихты тасқа бастыратын маңызды басымдық ретінде осыған кепіл болуы керек. Енді бұқараның назарына ұсынылып отырған болашақ жазуымыздың келбеті – жаңа әліпби жобасын біз қалай қабылдауымыз керек? Тіл, жазу туралы А.Байтұрсыновтан артық пікір (төте жазуға қатысты айтылса да) айтудың қажеті жоқ. Ғалым тілдегі дыбыс жүйесі, сөздік құрам мен қордың дұрыс әліпби қалыптастыруға, жазудың жеңілдігі қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан сақтауға, басқа тілдердің ықпалында болмауға, ресми, публицистикалық, ғылыми стильдердің қазақы пән сөздерден (термин) тұруына жол ашуы керек деп түсіндіреді. Сонымен қатар тіл саяси-әлеуметтік қарым-қатынас құралы болғандықтан және адамзаттың өзара байланысын нығайту функциясын атқаратындықтан, өзінің өмір сүріп отырған заманына қарай ұлттық сипатын сақтай отыра икемделіп дамуы керек. Мысалы, халықаралық терминдерді қазақ тіліне бейімдеу, сөйтіп осы уақытқа дейінгі терминологиялық қорымызға грек, латын терминдерінің русификацияланып барып енуінен арылу. Әр тілдің өзіндік дыбыстау ерекшелігіне негізделген пән сөздері болуы шарт. Қазақ жазуының реформасы Қазақстанның әлемдік ықпалдастығы контекстінде іске асуы өте маңызды. Себебі біз жаһандық ғылымның қазанында қайнап, ақпарат ағымына ілесіп бара жатқан іргелі елміз. Еліміздің ертеңі әлемдік аренадағы келбетімізге тікелей байланысты. Сондықтан тіліміздің ең ұсақ бөлшегі әрбір әріпке деген көзқарас қазақтың әр азаматының болашағына үңілгендей концептуалды пайымнан тууы міндет. Елбасымыз қазақ жазуының тарихына өзгеріс енгізу шешімін ең салмақты, байыпты мәселе ретінде асықпай қабылдағаны да осының айғағы. Алыстағы мақсатқа жету үшін біздің «озат ойымыз бен

кемел біліміміз» ортаға салынып, еленіп, екшелуі тиіс. «Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес». Қанымызға сіңген қасиет демекші, латын жазуына оралуымыз Қазақстаннан тысқары өмір сүріп келе жатқан қазақтарымыздың да тағдырына оң әсер ететініне сеніммен қарауға негіз бар. Бұлай дейтінім, Қытай, Өзбекстан, Түркия, Әзербайжан, Еуропа елдеріндегі қазақтардың бізбен еркін түрде жазбаша қарым-қатынас жасауына кепіл болмақ. Тіпті шетел азаматтарының қазақ тілін игеруге деген ынтасын арттыруға да латын қаріптері өз ықпалын тигізуі әбден мүмкін. Осылайша біздің қоғамдағы жазу реформасының нәтижесі тек Қазақстандағы ғана емес, шетелдегі бауырларымыз бен өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген құрметін арттыра түспек. Бұл біздің университетіміздің Оңтүстік Кореядағы Ханкук университетімен байланыс жасау барысында шетел азаматтарымен қарым-қатынас кезінде көзіміз жеткен жайт. Мәселен, Орта Азиятану факультетінің студенттері (корейлер) шет тілі ретінде өзбек және қазақ тілінің бірін таңдап меңгереді екен. Таңдауға келгенде көптеген білім алушылар өзбек тіліне ден қояды, себебі ол тілдің жазуы латынша. Корейлер ағылшын тілін білгендіктен, латын графикасын біледі, сондықтан да қазақ тілін игеру үшін кирилл жазуын игеру керектігін ескере отыра, өзбек тіліне ойысатын көрінеді. Сондай-ақ ең бастысы, кез келген тілдің тірі құбылыс ретінде таралып, дамып, құлдырап, жойылатындығын ұмытпағанымыз жөн. Қазақ жазуын латын қарпіне ауыстыру туған тіліміздің өміршеңдігін қамтамасыз етеді. Өйткені тірі ағза сияқты ғасырлар бойы өмір сүретін тіл де қамқорлықты қажетсінеді. Тиісті деңгейде қорғалып, дәріптеліп, сақталмаған тіл өлі тілдердің қатарына өтеді және оны әлем тілдерінің тарихы дәлелдеп отыр. Қазақ тілі өміршең болса, халқымыздың ұлттық санасы мен құндылықтары бұдан бетер бағаланады, қоғамдық өмірімізде мемлекеттік тілдің әлеуметтік қызметі жоғарылайды, ана тіліміз ғылым мен технологияның тілі ретінде қолданыла бастайды. Мұның барлығы қазақ жазуының, алдымен, қазақтың ұлттық қасиеттерін нығайтуға, екіншіден, қазақ халқының әлемдік ықпалдастықта бірегей ұлыс ретінде өз орнын ойып тұрып алуына кепіл болады.

Айна РАХИМОВА